


еңбектің мәселелерді зерттейтін
әлеуметтанудың бір саласы

Еңбек социологиясы



Еңбек социологиясы – еңбекті әлуметтік процесс, әлуметтік еңбектің қарқындылығын арттыру факторлары, техника және технологиялық, қызметтің, жағдайлардың, адамның еңбекке деген көзқарасына әсері түріндегі еңбектің мәселелерді зерттейтін әлеуметтанудың бір саласы. Еңбек социологиясының үш басты аспектісін бөліп көрсетуге болады.

Еңбек социологиясының үш басты аспектісін бөліп көрсетуге болады:

Біріншіден, еңбек социологиясы – бұл адамдардың еңбек құралдарымен және заттарымен өзара әрекеттестік заңдылықтары және сол заңдылықтардың еңбек ұжымдарында және жеке адам қызметіндегі әрекеті және көріну белгілері.


Екіншіден, еңбек социологиясы – бұл адамның және ұжымның еңбекке, оның сипатына, мәніне, жағдайына деген көзқарас жиынтығы.

Үшіншіден, еңбек социологиясы – кәсіпорын, ұжымның әлеуметтік ұйымы, яғни позициялар, рөлдер, құндылық және ұжымдағы жұмысшылар арасындағы байланыс жиынтығын тудырушы ерекше қатынастар жүйесі.

Еңбек социологиясының категориялары

Еңбек социологиясының басты категориялары мыналар: еңбектің мәні, еңбектің сипаты, еңбек жағдайлары, еңбекті ұйымдастыру, еңбек түрлері, еңбектің қызметтік-себептілік құрылымы, қызметке қатынас т. б.

Еңбектің мазмұны – бұл өндіруші қызметі саласымен жасалған еңбек операциясының түрлері, мүмкіншілік және өндірістік процесс үстіндегі шешім қабылдаудағы жаңалық деңгейіне байланысты бөлуді ескеретін еңбектің сипаты.



Еңбек ұғымы экономикалық ғана емес сонымен қатар социологиялық категория. Еңбек адамдардың қоғамда алатын орнын кәсіптеріне, мамандығына, еңбектің мазмұны мен жағдайларына қарай өзгертіп отырады. Еңбек процесінде адам табиғатқа әсер етіп, материалдық және рухани құндылықтар жасай отырып, өзінің де табиғатын өзгертеді.

Еңбектің әлеуметтік мәні «еңбектің сипаты» және «еңбектің мазмұны» ұғымдары арқылы ашылады. Еңбектің сипаты адамның өз еңбек әрекетіне қатынасын көрсетіп, негізінен алғанда адамның әлеуметтік мәнін бейнелейді. Еңбектің сипаты негізінен алғанда, еңбектің мазмұны арқылы анықталады. Еңбектің мазмұны – бұл нақты еңбек әрекетінде еңбек заты, құралы және ұйымдастырылу түрі арқылы анықталатын қызметтік ерекшелігі.

Еңбек мотивациясы – белсенді еңбекке адамның маңызды қажеттіліктерін қанағаттандырудың негізінде жету. Мотивтер – адамның құндылықтарымен, құндылық жүйелерімен байланысты ішкі факторлар. Бұл еңбекке еріксіз көндіруден ерікті түрде еңбек етуге көшу.


Құндылық - адамды қоршаған объектілердің тікелей қасиеттерімен емес адамның оларды бағалауы негізінде қалыптасатын жағымдылық баға.

Еңбек процесі және осыған байланысты әлеуметтік -

экономикалық қызметінің нәтижелері шектелмейді, өз саласы өндіру және қызмет көрсету. Экономика және еңбек социологиясы басталады қалыптастыру мәселелері жұмыс күшінің және оның еңбек нарығындағы ұсыныс.

Еңбек процесінің құрылымын былайша көрсетуге болады:

- 1) **Мақсат** - іс-әрекеттің идеалды жоспары.
- 2) **Еңбекке қатынас** - оның негізінде еңбектің мағыналығы және қоршаған ортаны өзінің жоспары бойынша құру әрекеті түр.
- 3) **Еңбекке ынталандыру** - еңбек белсенділігіне бастайтын сыртқы факторлар
- 4) **Еңбек мотиві** – маңызды деп саналатын ішкі стимулдар, қажеттіліктер
- 5) **Құндылықтар және құндылық бағыттар** – іс-әрекеттің эстетикалық императивтері.



Назарларыңызға
рахмет!!!